

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№194(9256) 1953 жылғы 26 сентябрь Сенбі Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## Бұқаралық-саяси жұмысты кенінен өрістетейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығының тез өрлеуін және жан-жақты өркендеуін қамтамасыз ету мақсатына бағытталған бірқатар шұғыл ірі шараларды белгіледі. Пленум таяудағы 2-3 жылдың ішінде халқымыздың азық-түлік өнімдері жөніндегі өскелең талабын молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат молшылығын жасау міндетін қойды.

Облысымыздың еңбекшілері, бүкіл совет халқы сияқты, СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын асқан қуанышпен, саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Пленум қаулысына арналған жыйналыстар мен әңгімелерде колхозшы шаруалар, жұмысшылар, барлық совет адамдары партия мен үкметіміздің аталық қамқорлығына шексіз алғыс айтып, Отан игілігі үшін өселген жігермен еңбек етуде. Бұл күндері еңбекшілердің күн санап өсіп отырған саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, оларды еңбектегі жаңа табыстарға бастай білу партия ұйымдарының шұғыл міндеті болып табылады.

Біздің мемлекетіміз бұқараның сапалығымен күшті. Осыны еске алып, әрқашан идеологиялық жұмыстың барлық участегін бүгінгі күннің талаптарына сай ұйымдастырып, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісін барған сайын жақсарту берік мерек. Бұқаралық-саяси жұмыс — идеологиялық жұмыстың негізгі саласы. Қазіргі кездегі бүкіл бұқаралық-саяси жұмыстың міндеті — партияның XIX съезінің қарарларын, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын, ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын еңбекшілерге жете түсіндіру.

Облысымызда бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін пайдаланып, оның өзегін саяси-шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындау мақсатына бағыттап отырған партия ұйымдары аз емес. Олардың қатарына «Луч Ленина» (Петропавл ауданы), «Борьба за коммунизм» (Совет ауданы) колхоздары партия ұйымдарын қоса болады. Аталған партия ұйымдарының үгіт коллективтерінің құрамында саяси сауатты ондаған адамдар жұмыс істейді. Үгітшілер партия ұйымдарының

ешім ауданындағы «Талапкер» колхозында да бұқаралық-саяси жұмыстың жайы дәл осындай. Мұнда колхоз председатели Пурмоддин жолдастың колхоз радио торабына жұмыс істеуге арнаулы адам бөлмеуі есепті колхозшы шаруалар радио хабарларын есті алмай жүр. Ал, партия ұйымының секретары Смағұл жолдас үгітшілер коллективінің, сондай-ақ, радиоторабының жұмыс істеуіне немқетті қарайды.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы селодағы партиялық-саяси жұмысты мейлінше жақсартуды талап етті. «Ауыл шаруашылығын өркендету үшін жасалып жатқан материалдық жағдайлар мен мүмкіндіктер партия ұйымдарының жұмысын жақсартыпайынша өзіміз өзімізге тиісге жетпейміз», — делінген Пленум қаулысында. — Осы мүмкіндіктер мен жағдайларды пайдалану үшін партия ұйымдары колхозшылар, МТС-тер мен совхоз жұмысшылары қалың бұқарасын бастап, оларды ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы күреске аттандырып отырулары тиіс.

Сондықтан партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмысты күшейте отырып, СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын әрбір колхозшы мен жұмысшыға терең түсіндірулері керек. Бұл үшін үгітшілер құрамын іріктен алу және оларды тәрбиелеу жұмысын жақсарту қажет. Үгітшілерді саяси сауатты, бұқаралық-саяси жұмыстан төлқарушылар мол коммунистер мен партияда жоқ активтер есебінен толықтырып, олардың жұмыстарына көмекті, басшылықты күшейту керек. Осылай болған күнде ғана үгітшілердің әңгімелері әсерлі болып, еңбекшілердің өндірістік белсенділіктерін арттыра түсуге көмектеседі.

Село үгітшілері өздерінің әсерлі әңгімелері арқылы ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заң, мал шаруашылығы өнімдерін, картоп пен овоңтың мемлекеттік дайындау және сатып алу бағаларының артуы, СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы партия мен үкметіміздің колхоз құрылысын нығайту, ауылшаруашылық қызметкерлерінің материалдық және мәдени тұрмысын барған сайын арттыра беру жөніндегі зор қамқорлығы болып табылатынын әрбір колхозшыға, әрбір ауылшаруашылық қызметкеріне жете

# Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы

1953 жылғы 24 сентябрьдегі мәжілістің күнделігі

24 сентябрьде, Алматыда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы ашылды. Жоғарғы Советтің мәжіліс залына республика еңбекшілерінің өкілдері — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттары, қонақтар жыйналды.

Таңертеңгі сағат 10. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председатели депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы ашық деп жариялады.

Сессия депутат **Б. Тәтенованы** Қазақ ССР Жоғарғы Советі Председатели орынбасарының міндетінен босатты. Депутат **М. И. Хвостовтың** ұсынысы бойынша сессия депутат **Б. Бекешеваны** (Қарабұтақ сайлау округі, Ақтөбе облысы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Председателиның орынбасары етіп бірауыздан сайлады.

Председательлік етуші — депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Мандат комиссиясының председатели депутаты **С. Т. Бектөлеміне** сөз берді.

— Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші және үшінші сессиялары арасында өткен уақыт ішінде, — деп хабарлады Бектөлем жолдас, — шығып қалған депутаттардың орнына он сайлау округінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттары сайлау өткізілді.

Мандат комиссиясы барлық он сайлау округінде Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттар сайлау Қазақ ССР-нің Конституциясы және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереже негізінде және оған толық сәйкес, дұрыс өткізілгендігін анықтады.

Депутат болып сайланғандар: Қарағанды облысының № 299 Горняк сайлау округі бойынша — **И. И. Афанов**, Ақмола облысының № 256 Степняк-қалалық сайлау округі бойынша — **Қ. Тасбаев**, Қызылорда облысының № 130 Терезек сайлау округі бойынша — **М. Нурбаев**, Көкшетау облысының № 222 Қызылту сайлау округі бойынша — **М. Бейсебаев**, Оңтүстік Қазақстан облысының № 78 Сайрам сайлау округі бойынша — **И. Смағұл**, Ақмола облысының № 236 Казғолшы — селолық сайлау округі — **Т. Телесбаев**, Ақмола облысының № 255 Жолымбет сайлау округі бойынша — **Б. С. Біләлов**, Ақмола облысының № 237 Ново-Ишим сайлау округі бойынша — **Н. Д. Новиков**, Жамбыл облысының № 37 Асыл сайлау округі бойынша — **Н. Игенбәргеева**, Қарағанды облысының № 262 Ұлытау сайлау округі бойынша — **Н. Д. Захаров**.

Депутат **Ә. Айтмұхамбетовтың** ұсынысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі Мандат комиссиясының жаңадан сайланған депутаттардың барлығының өкілдігін дұрыс деп танығандығы жөніндегі баяндамасын бірауыздан бекітті.

Жоғарғы Совет сессияның күн тәртібін қабылдап, бірінші мәселені қарауға кірісті.

Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және Қазақ ССР-нің 1951—1952 жылдардағы Мемлекеттік бюджетінің орындауы туралы республиканың Финанс Министрі депутат **Т. Телесбаев** баяндама жасады.

— Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы, — деді баяндамашы, — совет

мақта тапсырудың жылдық жоспарын мөзімінен бұрын орындау жолындағы, мал қыстатуға ойдағыдай әзірлену жолындағы күресті өрістетуде.

Бұдан кейін ол облыстың жалпы халық шаруашылығының өркендеуімен бірге жеке кәсіпорындарының мемлекеттік жоспарларды нашар орындап отырғандығын атап өтті. Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіптің көптеген кәсіпорындары сапасыз өнім шығарады, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту мүмкіншіліктерін нашар пайдаланады, жабдықтарды жақсы пайдалану, ішкі резервтерді іске қосу жолында тиісті дәрежеде күрес жүргізбейді.

Облыстың партия, совет және шаруашылық ұйымдары бұл кемшіліктерді жою үшін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында бар барлық мүмкіншіліктерді пайдалану үшін шаралар қолданады.

Омаров жолдас облыс үшін маңызды мәселелерді шешуге жеткілікті көмек көрсетпейтіндігі үшін республиканың бірқатар министрліктерін сынады.

— Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті, — деді республиканың Мәдениет министрі, депутат **Қ. Б. Байғалиев**, — Советтік Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетінің мықтап дамуын қамтамасыз етеді. Бюджет қаржысының 61 проценті әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалады. Бұл факт — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халық игілігі жөнінде күнбе-күн қамқорлық жасап отырғандығының айқын сипаттамасы.

Бүкіл совет еліндегі сияқты, Қазақстанда да түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің мейлінше гүлдене беруі үшін барлық жағдайлар жасалған. Шешен республикада әдебиет пен өнеркәсіптің, мәдениеттің өркендегендігін сипаттайтын фактілер келтірді.

Байғалиев жолдас ауыл-село еңбекшілері арасындағы, әсіресе, малшылар арасындағы мәдени-ағарту жұмыстары саласындағы әлі шешілмей отырған міндеттерге толық тоқталып өтті. Қазақстанның ауылдары мен селоларында 6850 мәдени-ағарту мекемелері бар. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында сәйкес олардың алдында тұрған міндет мейлінше артады. Аудандық атқару комитеттері, ауыл-селолық Советтер клубтардың, кино-театрлардың, кітапханалардың, оқу үйлерінің, барлық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына өздерінің басшылығын негізінен қайта құруға тиіс.

Сөзінің соңында Байғалиев жолдас Жоғарғы Советті Мәдениет министрлігі сессияда сөз сөйлеген депутаттардың сынын еске алып, министрліктің жұмысында көрсетілген кемшіліктерді жою үшін шаралар қолданады деп сендірді.

Депутат **С. П. Герхов** (Солтүстік Қазақстан облысы) сөз сөйледі. Ол бүкіл совет халқы сияқты, Солтүстік Қазақстан еңбекшілерінің де ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын және, СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын

теңдігін атап көрсетті. Колхоздарға тұтынушылар кооперациясы ұйымдарының комиссиясына артық картоптар мен овоңтарын тапсыру жөнінде право берілуі колхоз саудасын бұдан былай да өркендету беруге жаңа зор мүмкіншіліктер туғызады. Жангозин жолдас республика Сауда министрлігі кәсіпорындарының жұмысты әлі де қанағаттанғысыз істейтіндігін атап көрсетті. Көптеген сауда қызметкерлері тұтынушылардың қажеттерін, аудандар мен облыстардың экономикасын және табиғи ерекшеліктерін нашар зерттейді.

Шешен сауда орындарына бұйымдарды көбінесе уақыттың жеткізбейтіндігі үшін республиканың Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарын сынады. Республиканың жергілікті және кооперативтік өнеркәсібі көпшілік тұтынатын жоғары сапалы өнімдер өндіру, олардың түрлерін көбейту жөніндегі өздерінің мүмкіншіліктерін жеткілікті пайдаланып отыр. Жангозин жолдас республиканың ұйымдардың алдына сауда ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту сияқты бірқатар мәселелер қойды.

Мәжілісте сөйлеген басқа да депутаттар сияқты, депутат **Қ. Тасбаев** (Ақмола облысы) республиканың экономикасы мен мәдениетін бұдан былай да өркендету берік мақсатын көздеп отырған Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған бюджетінің жобасын мақұлдады.

Шешен облыстың халық шаруашылығын өркендету мәселелеріне тоқтап, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бұйымды жылы мол егін өсіргендігін, мемлекетке астық тапсыру жоспарын өткен жылдағыдан 15 күн бұрын орындағандығын, күздік егіс егуді белгіленген мерзімде өткізгендігін айтты. Өнеркәсіп те кейбір табыстарға ие болды. Алайда, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіптің көптеген кәсіпорындары өнімнің сапасын арттырып, өзіндік құнын кеміту жолындағы күресті нашар жүргізуде, олар өнімнің түрлерін көбейту жоспарын орындамайды.

Тасбаев жолдас жергілікті ұйымдарға жеткілікті көмектесетіндігі үшін Ауыл шаруашылығы және дайындау, Жергілікті және отын өнеркәсіп министрліктерін, Қазақстан тұтынушылар одағын сынады.

— Біздің елімізде, — деді депутат **З. М. Майлыбаева** (Қызылорда облысы), — халықтың өскелең материалдық және мәдени қажетін өтеу жөнінде үздіксіз қамқорлық жасалуда. Бұл міндет СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында айқын көрсетілді.

Майлыбаева жолдас облыстың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының табыстары жөнінде айтты. Шешен облыста өздерінің алда тұрған міндеттерді орындау үшін қолда бар мүмкіншіліктерді нашар пайдаланып отырған кәсіпорындар мен колхоздар әлі де аз емес екендігін атап көрсетті. Әсіресе, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіптің кәсіпорындары артта қалып отыр, мал шаруашылығын өркендетуде елеулі кемшіліктер бар. Депутат облыстың ұйымдарына

артта қалуы ең алдымен жемшөп өндіру және дайындау жұмысының қанағаттанғысыздығынан, малдың қорамен жеткілікті қамтамасыз етілмегендігінен болып отыр. Көрібжанов жолдас Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің, оның жергілікті органдарының қыс кезінде малды жылы қора және мол азықпен қамтамасыз етілуі үшін бар мүмкіншіліктерді кезінде жұмылдыра алмағандығын және пайдалана алмағандығын мойындады. Министрлік көп мәселелерді іскерлікпен шешпейді, жергілікті жерлердегі жағдайды нашар біледі.

Депутат ауыл шаруашылығын өркендетуде машина-трактор станцияларының зор роль атқаратындығын атап көрсетті.

Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету міндеттері туралы айта келіп, шешен кәсір колхоздар мен совхоздарда егін, картоп, овоң, қуырғағыс, мақта, қант қызылшасын жыйнауды, тұқым құюды, зыб жыртыуды, мал қораларын әзірлеуді кезінде аяқтаудың ерекше маңызы бар екендігін айтты.

Сөзінің соңында Көрібжанов жолдас Жоғарғы Советті республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі осы сессияда көрсетілген кемшіліктерді тез арада жою үшін және ауыл шаруашылығына басшылықты шұғыл жақсарту үшін барлық шараларды қолданады деп сендірді.

Депутат **Қ. Нұрбаев** өзінің сөзінің көңілдігін Семей облысында ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлау мәселесіне арнады. Облыс МТС-теріндегі 226 механиктің төртеуінің ғана жоғары дәрежелі, ал, 22-сінің орта дәрежелі білімі бар. Бұл фактілер МТС-терді жоғары мамандығы бар механизатор кадрлармен қамтамасыз ету үшін көп жұмыс істеуге тура келетіндігін көрсетеді.

Сөзінде маман кадрлар даярлауға тиіс 3 техникум, 2 ауылшаруашылық мектебі және 3 механизация мектебі бар. Алайда, олар бұл міндеттерін нашар орындап келеді. Мұның себебі ең алдымен олардың қажетті техникалық базасы жоқ. Нұрбаев жолдас Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің өзінің оқу орындарына нашар басшылық ететіндігі, оларға нашар қамқорлық жасайтындығы үшін сынады.

Сол сияқты, депутат республика Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің ауыл шаруашылығындағы еңбекті көп көрек ететін жұмыстарды механикаландыру қажеттігі жөнінде көп нұсқаулар беріп, бірақ, бұл істе МТС-тер мен колхоздарға іс жүзінде аз көмектесетіндігін айтты.

Нұрбаев жолдас Семейде техникамен жабдықталған құрылыс тресін құру, қаланы қорғаты құрылыс материалдарымен жабдықтауды жақсарту қажет деп есептейді.

Депутат **С. Н. Артамонс** (Павлодар облысы) сессияның бекітуіне ұсынылып отырған Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті партияның XIX съезі мен СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеп берген

үнемі көзке алып, егіс бригадалары мен мал фермаларында және басқа жұмыс участоктерінде дауыстап газет оқу, әңгіме өткізу және көрсеткі үгіт ұйымдастыру арқылы колхозшы шаруаларға партия мен үкіметіміздің саясатын үнемі түсіндіріп отырады. Бұл колхоздарда СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын насихаттау ісі колхозшылардың жұмыс істейтін орындары мен тұратын жерлерінде ұйымдастырылып отыр.

Алайда, бізде еңбекшілер арасындағы саяси жұмысты жете бағаламайтын, сөйтіп, өздерінің бұқарамен байланысын кемітіп отырған партия ұйымдары жоқ деуге болмайды. Атап айту керек, бірқатар жерлерде бұқаралық-саяси жұмыс мазмұнына қарай емес, тек өткізілген әңгімелердің санына қарай бағаланады. Ал, кейбір колхоздар мен кәсіпорындарында үгіт жұмысы мүлдем тоқтап қалған. Мысалы, қаладағы тігін фабрикасының партия ұйымы үгіт коллективінің жұмысына басшылық және бақылау жасаудан қол үзген. Партия ұйымының секретары П. Иванченко жолдас үгітшілердің тізімін де жасамаған. Мұны Иванченко жолдас бұқаралық-саяси жұмысқа үстірт қарағандық деп бағалау керек.

Мұндай фактілер некен-саяқ емес. Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоз партия ұйымының секретары Әбдірахманов жолдас үгітшілердің кеңесін өткізіп, оларға бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде нұсқау кеңес беріп отырмайды. Колхозда егіс бригадалары мен мал фермаларында еңгіме өткізіп жүрген үгітшілерді сирек көресіз. Міне, сондықтан да бірқатар колхозшылардың СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын жете білмейтіндігіне таңдануға болмайды. При-

## В. Гюго шығармаларының мерекелік жыйнағы

Көрнекті француз жазушысы-гуманист В. Гюгоның шығармалары Совет Одағында кеңінен таралған. Оның кітаптары СССР халықтарының көптеген тілдерінде сан мыңдаған дана болып басылууда. Француз әдебиеті классигінің туғанына 150 жыл толуын атап өту қарсаңында мемлекеттік әдебиет баспасы В. Гюго шығармаларының 15 томдығын басып шығаруды ұйғарды. Мұнан бұрын Ресияда жазушының шығармалары мұндай толық болып басылмаған болатын. Әрбір томның тиражы 150 мың данадан.

## Колка балықшыларының жаңа өмірі

КОЛКА ПОСЕЛОГИ. (Латвия ССР), 24 сентябрь. (СОТА). Балтық теңізі және Рига қолтығының арасындағы Колка мүйісіне балықшылар поселогі орналасқан.

Кәзір ескі поселок кісі танымастай болып өзгерді. Мұнда жаңадан оңдаған тұрғын үйлер салынып, емхана, аптека, екі магазин ашылды, жетіжылдық мектеп бар. Кітапхана мен кино, балықшылардың рухани тілегін өтейді. Поселокте радио торабы бар, 400 кісілік залы бар және клуб салынууда. Балықшылардың үйі әдемі мебель және радиоқабылдағыштармен жабдықтал-

түсіндіруге тиіс.

Пленум қаулысын түсіндіруде қала партия ұйымының алдына зор міндеттер қойылады. Олар кәсіпорындары мен мекемелерде, бұрынғы сайлау участоктерінде еңбекшілерге Пленум қаулысын кеңінен насихаттау арқылы социалистік қаланың дәрвняға көмегін арттыра берулері керек. Ауыл шаруашылығы үшін өнім беретін кәсіпорындарының жұмысының жедел жақсаруына жетісу, колхоздарға үгітшілер мен баяндамашылар жіберіп, ауыл-селодағы саяси жұмысқа көмектесу — қала партия ұйымының қасиетті борышы.

Бұқаралық-саяси жұмыс үгітшілердің әңгімелерімен бітпейді. Еңбекшілер бұқарасы арасында саяси баяндамалар жасау, лекциялар оқу, кинофильмдер көрсету, мәдени-ағарту жұмыстарын кең және мазмұнды ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Партия комитеттерінің баяндамашылар тобының, аудандық Совет атқандарының мәдениет бөлімдерінің, саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы бөлімшесінің жұмыстары саяси үгітті, озат тәжірибелерді насихаттауды кеңінен өрістетуді мақсатына бағындырылсын.

Кәзір бұқаралық-саяси жұмыстың әсері ауылшаруашылық жылын үлгілі аяқтау, кәсіпорындарында өндірістік жоспарларды мерзімнен бұрын орындау, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, сапасын жақсарту беру міндетіне бағытталуы керек.

Партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетіп, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте еңбекшілердің творчестволық ынта-жігерлерін арттыра береді.

Мерекелік жыйнаққа жазушының барлық белгілі шығармалары — романдары, повесттері, пьесалары енгізіледі. Поэзия, публицистика және әдебиет зерттеу еңбектері жыйнаққа толығымен кіргізіледі. Көптеген шығармалары жаңадан аударылып, кейбір шығармалары орыс тілінде тұңғыш рет басылып шығады.

Жуыр арада екі томы жарыққа шықпақ.

(СОТА).

ған. Поселоктің көптеген тұрғын адамдары мотоциклдер, автомобильдер сатып алды.

1947 жылы ұйымдастырылған балықшылардың жаңа колхозының шаруашылығы дамып түседі. Артельде 13 құрма ау, 60 моторлы қайық бар. Колхоздың ақшадай кірісі 2 миллион сомнан асады.

Теңіз жағасына саулетті, екі атажы балық-консерв зауытының корпусы салынған, оның өнімдері бүкіл елімізге белгілі. Завод отандық жаңа техникамен жабдықталған.

халқының елімізде коммунизм орнату жолындағы қуатты жаңа саяси және өндірістік өрлеуі жағдайында жыйындалып отыр.

Қазақ ССР-нің 1951 және 1952 жылдардағы Мемлекеттік бюджетінің орындалу қорытындыларын сипаттай келіп, баяндамашы Қазақстан еңбекшілерінің Совет Одағының барлық туысқан халықтарымен бірге коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырып жатқандығын атап өтті.

Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік Бюджеті сессиясының бекітуіне кіріс жөнінде — төрт миллиард үш жүз елу төрт миллион жүз жыйырма екі мың сом, шығыс жөнінде — төрт миллиард үш жүз отыз сегіз миллион бес жүз қырық үш мың сом мөлшерінде ұсынылып отыр. Бюджетте белгіленген қаржыландыру республиканың өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын, пәтер үй-коммуналдық шаруашылығын, жол-транспорт шаруашылығын бұдан былай да дамыта беруге және әлеуметтік-мәдени шараларды қажетті қаржылармен қамтамасыз ете алады.

Бюджет комиссиясының председателі депутат Р. Ильяшев баяндама жасады.

— Бюджет комиссиясы Қазақ ССР-нің Мемлекеттік бюджетін оны сегіз жүз отыз мың сом арттырып бекіту жөнінде ұсыныс енгізді, бұл қаржы кірісті шығыстан арттырауға жұмсалады.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жарыссөз басталды.

Председательлік етуші — депутат Р. Ш. Қаржаубаев депутат А. И. Неклюдовна (Алматы қаласы) сөз берді.

— Коммунистік партия мен Совет Үкіметі, — деді Неклюдов жолдас, — ұлғаймағы социалистік өндіріс пен совет халқының материалдық әл-ауқатын үнемі арттыра беру негізінде күрделі құрылысқа ерекше назар аударып отыр. Бесінші бесжылдықта Қазақ республикасының және оның астанасы Алматының халық шаруашылығында күрделі құрылысқа қаржы жұмсау шұғыл арттырылды. Екіжарым жылда қала бойынша 288 миллион сом мөңгерілді. Күрделі құрылысқа қаржы жұмсау жыл сайын артып келеді.

Мұнымен бірге, Неклюдов жолдас күрделі құрылыс жұмыстары жоспарының орындалмай жүргендігін және ақша қаражатының едәуір сомасының пайдаланылмай отырғандығын айтты. Ол құрылыс және жобалаушы ұйымдардың жұмысына толық қорытынды жасап, олардың жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашты және республикада күрделі құрылысқа жақсарту жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советінің алдына мәселе қойды.

Мінбеде — депутат И. Омаров (Оңтүстік Қазақстан облысы). Ол халық шаруашылығын өркендетуге және халықтың материалдық әл-ауқатын арттыруға түгелдей бағытталып отырған, Қазақ ССР-нің Мемлекеттік бюджетінің жобасын мақұлдады.

— СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысымен жігерленген облыс еңбекшілері, — деді депутат, — ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жолындағы,

алғандығын айтты. Шешен көпшілік тұтынатын товарларды өндіруді ұлғайту үшін облыс өнеркәсіп орындарының зор мүмкіншіліктері бар екендігін атап өтті. Солтүстік Қазақстанның жергілікті және кооперативтік өнеркәсібі үстеміздегі жылдың сегіз айында өткен жылдың осы мерзімі мен салыстырғанда жалпы өнімді едәуір көп шығарды. Бірсыпыра жаңа бұйымдарды өндіру итерілді. Колхозшы шаруалардың қажырлы еңбегі өзінгі еселеген игі нәтижелерін беруде. Дәнді, майлы дақылдардың, картоп пен овоцтың өнімі өткен жылдағыдан едәуір артық. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу бйғасының артуы есебінен ғана облыс колхоздары бүкіл 1951 жылы қанша табыс тапса быйыл сонша табыс табады.

Горохов жолдас қаржыландыру мәселесіндегі кемшіліктері үшін республиканың Финанс министрлігін сынады.

Депутат З. П. Семенов Қазақстан облысы еңбекшілерінің ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарларын және СОКП Орталық Комитеті Пленумының еліміздің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы қаулысын зор қанағаттанғандықпен қарсы алғандығын айтты.

Депутат Т. Махмұтов (Шығыс Қазақстан облысы) СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы қаулысы мен ССР Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын тудырған, еліміздегі және республикамыздағы зор саяси, өндірістік өрлеу жөнінде, совет адамдарының халық қажеті үшін азық-түлік молшылығын және жеңіл, тамақ өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау жөніндегі ұлы міндеттерді аброймен орындауға ұмтылған жігері жөнінде айтты.

Металлургия өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын өркендетуде, көпшілік тұтынатын бұйымдарды өндіруді ұлғайтуда Шығыс Қазақстан облысы еңбекшілерінің қол жеткен табыстарын атап көрсете келіп, депутат облыстың жергілікті және кооперативтік өнеркәсібінің жұмысты әлі де қанағаттанғысыз істен отырғандығын, мұның өзі бюджетті орындауға едәуір дәрежеде кедергі жасап отырғандығын айтты.

— Республика үкметінің Жоғарғы Советтің қарап, бекітуіне ұсынып отырған 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеттің жобасы, — деді сөзінң соңында депутат Махмұтов, — республиканың өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын, мәдениетін барған сайын үздіксіз өркендету беруді қамтамасыз етеді және еңбекшілердің түбірі мүдделеріне жауап береді.

Қазақ ССР-нің Сауда министрі, депутат Ж. Жанғезин өзінің сөзін республиканың сауда ұйымдарының жұмысын ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларына сәйкес жақсарту мәселесіне арнады. Шешен партия мен үкметтің колхоздар мен жеке шаруашылықтардың мемлекетке талсыратын малшаруашылық өнімдерін, картоп пен овоцты дайындау және сатып алу бағаларын арттыру жөніндегі шаралары республика еңбекшілерінің 1953 жылдың екінші жартысының өзінде ғана қосымша ондаған миллион сомның бұйымдарын сатып алуына мүмкіншілік бере-

дарға нашар көмектесетіндігі үшін республиканың Оқу, Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрліктерін сынады.

Депутат Ә. Несіпбеков Талдықорған облысы өнеркәсіп орындары коллективтерінің ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын жүзеге асыра отырып, көпшілік тұтынатын бұйымдарды өндіруді арттырғандығын, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартқандығын баяндады. Мұнымен бірге, ол облыс өнеркәсібінің жұмысында, әсіресе, жергілікті кооперативтік және жергілікті отын өнеркәсібінің жұмысында елеулі кемшіліктер бар екендігін атап көрсетті. Осыған байланысты депутат облыстың көкейтесті мүдделеріне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмей отырған Жергілікті және отын өнеркәсіп, Денсаулық сақтау, Оқу Коммуналдық шаруашылық министрліктеріне бірқатар сын пікірлер айтты.

Несіпбеков жолдас шаруашылық және мәдениет құрылысының кейбір мәселелерін шешуде Талдықорған облысына көмек көрсету жөнінде республиканың министрліктерінің алдына бірқатар практикалық мәселелер қойып, депутаттардың Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту туралы ұсыныстарын қолдады.

Депутат С. Т. Тұрғанбаев (Гурьев облысы) Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту туралы ұсынысты қолдай келе, бюджетті республика еңбекшілерінің қанағаттанғандықпен қарсы алатындығына сенім білдірді. Шешен облыс ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі еңбекшілерінің табыстары туралы баяндады, мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне толық тоқталды. Кәзір Гурьев облысында 11 машина-малшаруашылық және 2 машина-мелiorативтік станция бар. Алайда, көп колхоздарда мал шаруашылығы әлі күнге дейін жоғары өнім бере алмай келеді. Мал шаруашылығының артта қалуының негізгі себептерінің бірі техниканың қанағаттанғысыз пайдаланылуы, шөңгі маялау, жемшөп тасу, сыйыр сауу, мал суару және жемшөп дайындау сыяқты еңбекті көп керек ететін жұмыстардың нашар механикаландырылуы болып отыр. Осыған байланысты шешен, әсіресе, ММШС үшін механизатор кадрларын оқытуды ұйымдастыру және оларды даярлау сапасын жақсарту қажеттігін айтты.

Тұрғанбаев жолдас Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін, бірқатар республикалық ұйымдарды облыс үшін маңызды мәселелерді ойдағыдай шешпейтіндігі үшін сынады.

Бұдан кейін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрі депутат Ф. К. Кәрібжановқа сөз берілді. — Жоғарғы Советтің сессиясы, — деді ол, — СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысымен жігерленген бүкіл совет халқы зор саяси және өндірістік өрлеумен ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің зор программасын орындауға кіріскен жағдайда етіп отыр.

Республикада қосымша мал басының өсуі халықтың ет, сүт, мал шаруашылығының және басқа өнімдері жөнінде өсіп отырған талабынан әлі де едәуір артта қалып келеді. Мал шаруашылығының

шаруашылық және мәдениет міндеттерін айқын сипаттайды. Кіріс бөлгі 1952 жылмен салыстырғанда едәуір артты. бюджеттің кіріс бөлігінен арттыру едәуір өсті. Кәсіп пен транспорт кәсіпоры социалистік қор жыйынудың арқылы, халық шаруашылығының салаларында жұмысшылардың еңбегінің артқандығының нәтижесі табылады. Бюджет республика өрінің өмірлік мүдделерін түгел толық сай келеді, экономиканы өркендетуді және еңбекшілердің дүлқ, мәдени дәрежесін арттыру қамтамасыз етеді.

Бұдан кейін Артамонов жолдас ұйымдарының алдында өздерінің төмелерін нашар орындап отырғандығын «Главтекстильбыт-кондистер», «Главообувбыт» және «Швейбыт» ұйымдарының жұмыс кемшіліктерін сынады. Сөзінің соңында Артамонов СОКП Орталық Комитеті Пленумы шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы қаулысына лайық беріп отырған Навлодар облысы еңбекшілерінің зор еңбек және саяси өркенінде айтты.

Депутат Ш. Байбатшаев Жамбыл облысы еңбекшілерінің СОКП Орталық Комитеті Пленумының ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы қаулысына лайық беріп отырған Навлодар облысы еңбекшілерінің зор еңбек және саяси өркенінде айтты.

Депутат барлық ауылшаруашылықтардың өндіруді арттыру үшін облысында зор мүмкіншіліктерін айтты.

Байбатшаев жолдас облыс халық шаруашылығының кейбір салаларында қалғандығын атап көрсетіп, білкірге, әсіресе, республиканың материалдары министрлігіне облысқа кірішіп және гипс заводтарын қамтамасыз етпей отырғандығын қатар сын пікірлер айтты.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Кәсіпшілік Советінің председателі Жанов жолдас Қазақстанда көпшіліктің бұйымдарды өндіруді ұлғайта беру программасы туралы Республиканың кәсіпшілік кооперативтерінің ұйымдары үшін 60 процент арттырады, Қазақстан кәсіпшілік кооперациясы бойынша қаржы жұмсау көлемі 112 миллион болады.

Ержанов жолдас кәсіпшілік қиясы кәсіпорындарының өнімнің жөніндегі жоспарды орындамайтын сапасыз өнім шығаратындығы, шикізат қорларын нашар пайдаланатын туралы Қазақстан кәсіпшіліктеріне айтылған сынды әділ деп мәлімдеді. Сөзінің соңында Кәсіпшілік кооперациясының өнеркәсібі қызметкерлері көпшіліктің натын бұйымдарды өндірудің шұғыл қажеттілігін қамтамасыз етеді деп мәлімдеді. Осымен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің V сессиясының бірінші жабық деп жарияланды.

### ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Мектеп партия ұйымдары және оның міндеттері

СОКП XIX съезі халық ағарту органдары мен мұғалімдердің алдына зор міндеттер қойды. Облысымыздың халық ағарту органдарының қызметкерлері мен мұғалімдері партия, совет ұйымдарының күнбе-күнгі көмегіне сүйене отырып, бұл міндеттерді орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Соның нәтижесінде көп мектептерде сабақ берудің сапасы едәуір жақсара түсті. Өткен оқу жылында облысымыздың 250 мұғалімі өз кластары мен беретін пәндерінен оқушылардың толық дүркінге жетісті. Бірқатар мектептер политехникалық оқуды жүзеге асыруда айтарлықтай жұмыс істеді. Оларда арнаулы мастеркөйлек ұйымдастырылды. Физика, математика және биология сабақтарында лабораториялық жұмыстар да қоса жүргізілді. Мұның өзі оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін арттырды.

Қызыл Аманкелді атындағы (Совет ауданы), Торангүл (Ленин ауданы), Орман (Преснов ауданы) және басқа да бірқатар орта, жеті жылдық мектептер оқушыларға жан-жақты терең білім беріп, оқу-тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізді. Бұл істе мектеп партия ұйымдары жетекші роль атқарды. Партия ұйымдары мектеп өміріне күнбе-күн араласып, педагогикалық коллективтің жұмысына бағыт беріп отырды. Октябрь ауданындағы Ленин атындағы мектептің партия ұйымы (секретары Тайжанов жолдас), Преснов ауданындағы Преснов мектебінің партия ұйымы (секретары Телешин жолдас) партия жыйналыстарында жеке пәндер бойынша оқу программасының орындалуын, сабақ берудің барысын, класс жетекшілері мен комсомол, пионер ұйымдарының жұмысы жөнінде арнаулы мәселелер қарап, оқу-тәрбие жұмысын жақсарту беруге көмектесіп отырды. Сөйтіп, жұмыстары кемшіліктерді батыл сынай, ол кемшіліктерді жою шараларын белгілеп, оқу-тәрбие жұмыстарының жақсара түсуіне жетісті.

Алайда, істің жайы барлық жерде бірдей болмады. Кейбір мектеп партия ұйымдары оқу-тәрбие жұмысы мен сабақ берудің идеялық сапасын өзі күнге жақсарту алмай келеді. Мәселен, Тоқшын, Явленка және Еңбек мектептерінің партия ұйымдары мектеп жұмысына тиісті көмек көрсете алмай, кәсіподақ, комсомол, пионер ұйымдарына нақтылы басшылық етпей жүр.

Партиялық ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың тиісті дәрежеде жүргізілуіне салдарынан өткен оқу жылында қалалары №1 жеті жылдық мектепте (партия ұйымының секретары Гричкосеева жолдас) оқу-тәрбие жұмысының жайы қанағаттанғысыз болды. Дікеленген мұғалімдер сабаққа толық дайындалмай келіп, сабақтың идеялық мазмұнын төмендетіп алатын болды. Мұның өзі оқушылардың программалық материалды толық меңгере алмауына әкеліп соқты. Ақыр аяғында көктемдегі емтиханда бірнеше оқушы сынан өте алмады.

Ленин ауданындағы Явленка орта мектебінің партия ұйымы да мұғалімдер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын тиісті та-

\*  
**И. МИТРОФАНОВ,**  
ҚКП облыстық комитетінің  
мектеп бөлімінің меңгерушісі.  
\*

Еңбек орта мектебінің партия ұйымында да оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселелері іскерлікпен талқыланатын отырып отырды. Партия ұйымы, оның секретары Қалитов жолдас бұл кемшіліктерді деркесінде ашып, оны жою шараларын белгілей алмады. Партия ұйымы мен мектеп директоры мектептің жаңа оқу жылына үлгілі әзірленуін де қамтамасыз етпеді. Алғашқы оқу күндерінде оқушылардың кемшілігі сабаққа қатыспады.

Облыс мектептерінің тұтас алғанда өткен оқу жылының қорытындысы айтарлықтай болмады. Әресе, тіл мен математика пәндерінен оқушылардың кемшілігі үлгермеді. Быйылғы оқу жылында мектеп партия ұйымдары мен педагогикалық коллективтер өткен оқу жылындағы кемшіліктерді қайталамай, оқу-тәрбие жұмысының жайы шұғыл жақсартуға тиіс.

Август айында болып өткен Қазақстан мұғалімдерінің съезі халық ағарту ісін онан әрі өркендетуге байланысты аса зор маңызды мәселелерді талқылады. Мұнымен бірге Қазақ ССР-ның барлық мұғалімдеріне үндеу қабылдады. СОКП XIX съезінің қарарлары мен мұғалімдер үндеуінде көрсетілген шаралардың мұлтисіз орындалуын қамтамасыз ету — мектеп партия ұйымдарының бүгінгі таңдағы айыбы міндеті болып табылады. Бұл шаралар партия ұйымдары мен мектеп өмірінде кездескен кемшіліктерді деркесінде ашып, оны батыл жойып отыруға міндеттейді.

Партия ұйымдары мектеп жасындағы балалардың мектепке тегіс қамтылуын қамтамасыз етіп, оқу-тәрбие жұмысын онан әрі жақсартуға тиіс. Мұнымен бірге алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдырып, мұғалімдер арасындағы саяси жұмысты мейлінше күшейту қажет. Өйткені, жыл сайын мектептер жаңа, жас мұғалім кадрлармен толықтырылып келеді. Олардың теориялық жағынан білімі жеткілікті болғанымен, тәжірибелері аз. Сондықтан мұндай жас мұғалімдердің жұмысына партия ұйымы күнбе-күн көмектесіп, оларды өзінің қамқорлығына алып отыруға тиіс. Сондай-ақ СОКП XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілгеніндей, жалпы білім беретін мектептердің тәрбиелік маңызын онан әрі арттырып, орта мектепті бітіретін оқушылардың мамандықты еркін таңдап алуына жағдай туғызу мақсатымен мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыруда партия ұйымдары жетекші роль атқаруға міндетті.

Жас өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеуде комсомол, пионер ұйымдары мен оқушылар комитеттері көп жұмыс істеуге тиіс. Бірақ, кейбір мектеп бас-тауыш партия ұйымының секретарьлары

Ленин ауданының мектептерінде оқушылар ұйымдарының жұмысы өте нашар жүргізіледі. Класс жетекшілері комсомол және пионер ұйымдарымен тығыз байланыс жасай отырып, бұл ұйымдардың жұмысына көмектесіп отыруы керек.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының жақсаруы, мұғалімнің жалпы және саяси біліміне, іскерлік қабілетіне байланысты. Міне, сондықтан да мектеп партия ұйымдары оқу жылының алғашқы күнінен бастап мұғалімдердің партия оқуы жүйесіне тегіс қамтылуын қамтамасыз етулері керек. Марксизм-ленинизм негіздерін өзі-өзінен үйреніп жүрген мұғалімдерге партия ұйымының жете көңіл бөлуі қажет. Өйткені, мұндай мұғалімдердің бірқатары партия ұйымы тарапынан ешқандай бақылаудың жоқтығын пайдаланып, саяси білімдерін арттыру мәселесіне көмекті қарап келгені мәлім.

Мектеп партия ұйымы — педагогикалық коллективтің жетекші күші. Ол оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлеріне басшылық жасайды. Бастауыш партия ұйымы мұғалімдер активіне сүйеніп, олармен бірлесіп жұмыс істеуі арқылы оқу-тәрбие жұмысын мейлінше жақсартып, оқушылардың түзел үлгеруіне жетісуі керек.

Мектеп партия ұйымдары төменнен көтерілген сын мен өзара сынды үнемі қолдан, мұғалімдерді кемшілікке төзбеу рухында тәрбиелеуі қажет. Мұғалімдердің мәдени-тұрмыстық дәрежесін жақсартып олардың жұмыс істеуіне толық жағдай туғызу — партия ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеттерінің бірінен саналады.

Партия ұйымдары мен педагогикалық коллективтердің алдында күрделі міндеттер тұр. Бұл міндеттерді аороймен орындау көп реттерде аудандық партия комитеттерінің халық ағарту ісіне басшылығына байланысты.

СОКП XIX съезінен кейін аудандық партия комитеттерінің халық ағарту ісіне басшылығы едәуір жақсара түсті. Преснов, Совет, Петрпавл және басқа аудандық партия комитеттері өздерінің зор мәжілістерінде мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының жайын жиі талқылап отырады. Мұның өзі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға, мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыруға көп көмегін тигізді.

Алайда, кейбір аудандық партия комитеттері, әресе, Мамлют аудандық партия комитеті халық ағарту ісіне жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Аудандық партия комитетінің секретарьлары мектеп партия ұйымдарының секретарьларына нақтылы нұсқаулар беріп, көмектесіп отырмайды. Сол сияқты, аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі тарапынан да мектеп партия ұйымдарына көмек өте аз. Қып аудандық комитеттері бұл сияқты кемшіліктерді жойып, мектеп партия ұйымдарына басшылықты жақсартуға, оған күнбе-күн көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Мұғалімдерге ең жауапты, ең ардақты



Октябрь ауданының Чапаев атындағы колхозында жеміс бақшасы бар. Мұнда алма, қара өрік, қарақат, жидек және басқа жемістер өсіріледі.

Осы оқыл колхозшылардың еңбек күніне 400 килограмм алма берілді. Оның үстіне колхоз сатылған алма мен қара өріктен 45 мың сом табыс тапты.

**СУРЕТТЕ:** бақшашы **В. Оселдченко** жолдас жыйналған қара өрікті қарап тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

### Мәдени-үгіт бригадасы егін даласында

Совет аудандық Мәдениет Үйінің мәдени-үгіт бригадасы егін жыйнау маусымы басталысымен аудан егіншілерін мәдениетті қамту үшін колхоздардың егін даласына шықты.

Бригадада 7 адам бар. Бригаданы аудандық Мәдениет Үйінің директоры Яковенко жолдас басқарады.

Жуырда бригада мүшелері «Колос», «Север» және Аманкелді атындағы колхоздарда болып, егіншілерге концерт қойып берді. Колхоз егіншілері, әресе, «Көгершін», «Ақ мақта» әндерін орындаған Әбілова, «Тракторшы қарындас» әнін орындаған Бейсенбаева жолдастардың өлеңдерін сүйсіне тыңдады. Сол сияқты, бригада мүшелері Совет Одағы халықтарының басқа да әндері мен билерін орындады.

Мәдени бригадасында кішкене кітапхана бар. Онда саяси, ауылшаруашылық және көркем әдебиет кітаптары жыйнақталған. Көзір бригада мүшелері колхозшылар арасында СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының материалдарын түсіндіруде.

**А. ЛУЧНИКОВА.**

### Спорт шеберліктерін арттыруда

Мұғалімдерге ең жауапты, ең ардақты

## Бейбітшілік үшін күресуші неміс Советінің үндеуі

БЕРЛИН. 24 сентябрь. (СОТА). 23 сентябрьде бейбітшілік үшін күресуші неміс Советі өзінің пленум мәжілісінде барлық немістерге үндеу қабылдады.

Егер неміс халқы, делінген үндеуде, өзара ұғынысуға жетісу үшін өзінің күресін күшейтсе, онда герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешуге дүниеде ешқандай күш бөгет жасай алмайды. Кімде кім бұл жолды жоққа шығарып, Шығысты «азат ету» мақсатымен Шығысқа жорық жасауға шақырса, ол бейбітшілік жолына емес, Гитлердің жолына түсетін болады.

Үндеуде герман мәселесін реттеу үшін Совет Үкіметінің ұсыныстарының орасан зор маңызы барлығы және Америка Құрама Штаттары мен Батыс мем-

лекеттердің талас мәселелерді шешу жөнінде келіспей қасарысып отырғандығы аталып көрсетілген.

Келіссөздердің ойдағыдай жүргізілуі, делінген үндеуде, қажет қана емес, ол мүмкін де. Германияда бейбітшілікке ұмтылу тілегі орасан зор. Осы мақсатқа жетісу үшін, егер неміс халқы өзінің барлық күшін бірлесе жұмсайтын болса, оған бұл жолда ешнәрсе бөгет бола алмайды. Тек қана немістер арасында және ұлы мемлекеттер арасында тікелей келіссөздер мен келісім, делінген үндеудің қорытындысында, Герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешуге жеткізеді. Егер біз бірімізге бірімізге қол созсақ, онда бейбітшілікке жетісуге болады.

## ГДР-де шпиондық банданы жою

БЕРЛИН, 24 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігі Батыс Берлинде «өндіріс ги-гиенасының институты» деген жалған атпен Германияның құпия қызметінің шпиондық ұйымы жұмыс істеп келгендігін, оған Американы құпия қызметі басшылық жасап және қаржыландырып келгендігін хабарлады. Бұл шпиондық орталықтың басшылығында бұрынғы гитлершіл армияның генералы Деринг болған, оның екінші фамилиясы Фламменберг. Оның орынбасары және ұйымның Батыс берлиндік филиалының жетекшісі полицияның бұрынғы полковнигі Вокельберг болған, оның екінші фамилиясы Гартман. Бұрынғы фашистік офицерлер бұл орталықтың белсенді қызметкерлері болған.

Американ құпия қызметі бұл шпиондық ұйымға Герман Демократиялық Республикасы жерінде тыңшылық жұмыстың алуан түрлі торларын жасауды, тыңшылық іжумасына тартылғандардан құрамында үш кісі бар топтар құрастыруды, оларды радио арқылы хабар бергіштермен қамтамасыз етіп, олармен радио арқылы байланыс жасап отыруды және американы өкмет орындарына берілетін хабарлар мен мәліметтерді жыйнау үшін пайдалануды тапсырған.

Осы мақсат үшін, делінген хабарда, 1952 жылдың өзінде-ақ фашистік және басқа реакцияшыл элементтер тыңшылыққа тартылып, Герман Демократиялық Республикасы жерінде агентуралық пункттер құрылған және үш адамнан құралған топтар ұйымдастырылған. Агентуралық пункттер радио арқылы хабар бергіштермен қамтамасыз етілген. Олар бірімен бірі байланыс жасап, соғысқа әзірлену мақсатымен тыңшылық материалдар жыйнастырған.

Мұнан әрі хабарда Герман Демократиялық Республикасының өртүрлі аудандарына орналасқан осы тыңшылық ұйымның агентуралық пункттерін СТАТС органдары—ГДР мемлекет халық сүздігінің секретариаты жойған. Төмендегі айыптылар тұтқынға алынған:

Феодора фон Штейнмец — бұрынғы помещик әйел, 1945 жылдан кейін ағылшын әскери бөлімінде қызмет істеген; Армин Цолф—1931 жылдан 1945 жылға дейін ұлтшыл —социалистер партиясының мүшесі; Шарфюрер—бұрын концентрациялық лагерьде бақылаушы болған; Рудольф Зейферт—1930 жылдан 1945 жылға дейін ұлтшыл —социалистер партиясының мүшесі, СА әскерінде қызмет істеген.

Көптеген американдық радио арқылы хабар бергіштер конфискеленген. Тұтқынға алынғандар сотқа берілген.

### ИТАЛИЯДА 8 МИЛЛИОН АДАМ ЖАППАЙ ЕРЕУІЛ ЖАСАУДА

РИМ, 24 сентябрь. (СОТА). Бүгін Италияда 24 сағаттық ереуіл басталып, оған металлургия, металл өңдеуші, машина құрылысы, тоқыма, химия және басқа өнеркәсіп салаларының 8 миллион қызметкерлері қатысуда. Кино мен театрлар жабылған, газеттер шығарылмады. Трамвай мен автомобиль транспорттың қызметкерлері 4 сағат бойына ереуіл жасайтын болады.

Италия қалаларында митингтер ұйымдастырылып, оларда 3 кәсіподақ бірлестіктерінің — жаппай итальяндық еңбек конфедерациясы, «Италия еңбекшілері кәсіподағының конфедерациясы» және

«Италия еңбек одағының» өкілдері сөз сөйлеуде. Жаппай итальяндық еңбек конфедерациясы ұсынған төмендегі талаптарды басқа екі кәсіподақ бірлестіктері ішінара қолдап отыр: жалақыны арттыру, металлургия, машина құрылысы, тоқыма кәсіпорындарында және тау-кен өнеркәсібінде жұмысшыларды жұмыстан шығаруды тоқтату; еңбекшілердің өртүрлі топтарымен коллективтік жаңа договорлар жасау.

Осы уақытқа дейін өнеркәсіп иелерінің бірлестігі бұл талаптарды талқылау үшін келіссөз жүргізуден бастартып келген.

### ВЕНАДА «ПЭТЕР ЖАЛДАУШЫЛАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫН ҚОРҒАУШЫ КОМИТЕТТІҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ВЕНА, 24 сентябрь. (СОТА). Б...

лаптар дәрежесінде жүргізіліп жетеді. Бұл ұйымда сын мен өзара сын жоқтың қасы. Мектептің бұрынғы директоры коммунист Шихман төменнен көтерілетін сынаға үнемі қысым жасап отырды. Осы аудандағы

мен басшылары және класс жетекшілері оқушылар ұйымдарының жұмысын жетекте бағаламайды. Күнделікті жұмысты осы ұйымдарға сүйеніп, олардың белсенділігін арттырып отырмайды. Әресе,

міндет — жақс ұрпақтарды коммунистік рухта тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Бұл міндетті абыроймен орындау — партия ұйымдары мен педагогикалық коллективтің қасиетті борышы.

### ҮГІТШІЛЕР ПЛЕНУМ ҚАУЛЫСЫН ТҮСІНДІРУДЕ

Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозындағы үгіт коллективінің құрамында 6 үгітші бар.

Бұл күндері үгітшілер дама қостары мен трактор отрядтарында және мал фермаларында СОБН Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын кеңінен түсіндіруде.

### Үгіт коллективтері жетекшілерінің семинар-кеңесі

Жақында ҚБН қалалық комитеті үгіт коллективтері жетекшілерінің семинар-кеңесін өткізді. Оған 200-ден астам адам қатысты.

Семинар-кеңесте қалалық партия комитетінің секретары Попов жолдас қала партия ұйымында саяси үгіттің жайы және оны жақсарту шаралары туралы баяндама жасады. Баяндамашы СОБН Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын кеңінен түсіндіруде.

шылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын қала өңбекшілері арасында кеңінен насихаттау ісіне ерекше назар аударды. Сонымен қабат, ол саяси үгіттің өрісі кең, дәрежесі жоғары боуы үшін үгітшілерді іріктен алу, оларды тәрбиелеу мәселелеріне тоқталды.

Семинардың соңында ҚБН қалалық комитеттің лекторы Мищук жолдас халықаралық жағдай туралы лекция оқыды.

## Механизаторлар даярлайтын мектепте

Приешім ауданының орталығы — Боголюбово селосынан шығысқа қарай тартатын үлкен жолдың үстінде Надежка селосы бар. Аудан орталығынан бірер километр шыққан соң-ақ Надежка селосының әдемі үйлері ертеңгі күн шұғылаласымен нұрланып, ақ шағаладай болып, көзге көріне бастайды. Селоба кіре бергендегі стандартты мал қорасы, бірнеше бөлмелі колхоз кеңесінің үйі және әр жерде үйленіп құрылыс ағаштары жаңа құрылыстардың көптеп салынып жатқанын байқатады.

Селоның солтүстік-батыс жағындағы қолдан отырғызылған шоқ ағаштың бауырында комбайн, трактор паркі мен слесарь мастерской және мектеп үйлері алып жатады. Бұл — Надежка селосындағы Владимир Ильич Ленин атындағы механизаторлар кадрларын даярлайтын мектеп. Мектептің өзінің тарихы бар.

Механизация мектебі 1936 жылы құрылған еді. Ол кезде мектептің оқу-материалдық базасы да, үйлері де шағын ғана болатын. Ал, практикалық сабақтарға керекті комбайн, трактор және оның жеке бөлшектері кәзіргімен салыстырғанда тапшы болатын. Оның үстіне керекті оқу құралдары да жетіспейтін.

Бір кездегі шағын ғана мектеп бұл күндері өсті. Кәзір мұнда теориялық, практикалық сабақтар өтетін арнаулы үйлер салынған.

Мектептің теориялық сабақтар өтетін жеті бөлмесі, практикалық сабақтар өтетін бес бөлмесі бар. Мектептің комбайн, трактор паркі 13 комбайн, 18 трактор, өздігінен жүретін 3 комбайн, өздігінен жүретін кеңалымды 3 шәп машинасы және басқа толып жатқан ауылшаруашылық машиналарымен жабдықталған.

Мектеп кітапханасындағы саяси, көркем, техникалық және ауылшаруашылық әдебиеттерінің саны 6 мыңнан асады. Жыл сайын кітапхана жаңа әдебиеттер-

мен толықтырылып отырады. Кітапхана-ның қабылдау үйі мен оқу залы бар.

Кәзір мектеп жаңа оқу жылына барлық жағынан толық әзір. Бұрын механизация мектебі электр жарығын Куйбышев атындағы колхоздың электр станциясынан алатын еді. Үстіміздегі жылы мектептің өзінің электр станциясы жұмысқа қосылды.

Мектеп, облысымыздың Октябрь, Ленин, Преснов, Приешім және Совет аудандарына механизатор кадрларын даярлап береді. 1951 жылға дейін мектепте комбайншылар мен тракторшыларды және дизель тракторларын жүргізушілерді даярлайтын ғана курстар бар болатын. Кәзір мектеп механик-комбайншылар мен өздігінен жүретін кеңалымды шәп машинасын жүргізушілерін де даярлайтын болды.

Механизация мектебі жыл сайын орта есеппен 500-ден аса механизатор кадрларын даярлап шығарады. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана мектепті 561 адам бітіріп шықты. Механизация мектебі өзін құрылған уақыттан бері облысымыздың колхоздары мен совхоздарына, машина-трактор станцияларына және өнеркәсіп орындарына 8883 маман кадр даярлап берді. Мұның ішінде комбайншылар, тракторшылар, машинистер, трактор отрядтарының бригадирлері және басқа мамандар бар.

Мектепті бітіріп шыққан механизаторлар колхоздар мен совхоздардың егіс далаларында еселеген жігермен еңбек етіп, игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Осы мектепті 1937—1938 оқу жылында бітіріп шыққан Беловопытов жолдас бұл күндері Приешім ауданының Ленин атындағы МТС-де комбайншы болып істейді. Үкмет пен партия оның еңбегін жоғары бағалап, 1952 жылы оны ең жоғарғы награда — Ленин орденімен наградтады. Сол сыяқты, осы МТС-те істейтін Мартыненко жолдас та 1950

жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Болашақ механизаторларға мектептің мұғалімдері мен нұсқаушыларынан басқа алдыңғы қатарлы еңбек озаттары да жетіп, өздерінің жұмыс тәжірибесі жөнінде лекциялар оқып тұрады. Өткен жылы Социалистік Еңбек Ері Петр Новомаренко жолдас өзінің жұмыс тәжірибесі жөнінде бірнеше рет лекция оқыды.

СОБН Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында механизатор кадрларды даярлау жұмысына ерекше көңіл бөлінген. Пленум қаулысы бойынша механизация мектептері ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері болып қайта құрылғаны отыр. Бұл механизация мектептерін әлі де болса көптеген күрделі жұмыстар істеуге міндеттейді.

Бұл күндері ауыл-село жастары механизаторлық мамандықты меңгеруге ынталана түсуде. Олар комбайншы, тракторшы және басқа ауылшаруашылық машиналарын жүргізудің мамандығын алып, колхозды деревняның егіс далаларында жұмыс істеуге асығалы. Кәзірдің өзінде аталған механизация мектебі директорының атына мектепке оқуға алуды сұраған арыздар көптеп түсе бастады.

Владимир Ильич Ленин атындағы механизация мектебінің коллективі, СОБН Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын өздерінің күнбе-күнгі жұмысында басшылыққа ала отырып, өз мамандығын жетекте меңгерген механизатор кадрларын бұдан былай да көптеп даярлап береді.

**М. НҮРПЕЙСОВ.**

(Арнаулы тілшіміз).

Приешім ауданы, Надежка селосы.

Қаладағы М. Т. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебі оқушыларының спорт секциялары оқу жылының алғашқы күнінен бастап жұмыс істей бастады. Кәзір физкультура пәнінің жетекшілері Золотилин және Абдрахманов жолдасардың басшылығымен мектеп жанындағы спорт алаңы қайтадан жөндеді. Мұнда волейбол, 100 метр қашықтыққа жүгіру, ұзындыққа секіру алаңдары бар.

Өткен жылы болған оқушылардың қалалық спартакиадасында бұл мектептің спортшылары екінші орынға не болған болатын. 83 оқушы 1-дәрежелі ГТО значогіне, 11 оқушы спорттың әр түрінен 3-разрядтың нормасын тапсырған еді.

Кәзір мектеп оқушылары өздерінің спорт шеберлігін арттыру ісімен үздіксіз шұғылдануда.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

### Жеңіл машиналар сатып алды

Үкмет пен партияның күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында бүкіл совет халқы сыяқты біздің қаланың еңбекшілерінің де әл-ауқат күйі жақсарып келеді. Көптеген қала адамдары өздеріне мотоцикл, велосипед және жеңіл автомашиналар сатып алуға.

Петропавл паровоз депосының машинисті Чижов, Хухлов, Колесников, механикалық цехтың токарі Новиков, ұста Щербаков және басқалары жуырда «Москвич» жеңіл машинасын сатып алды.

### Колхозды село көркей түсуде

Сталин атындағы колхоздың (Ленин ауданы) орталығы Ильинка селосының бейнесі жылдан-жылға көркейе түсуде. Мұнда жыл сайын жаңа үйлер салынып, ағаштар егілуде. Быйылғы жылдың өзінде ғана колхоз басқармасының кеңсесі жөнделіп, ондаған тұрғын үйлер салынды және салынып жатыр.

Комбайншылар Купин, Дьяченко, Мищенко, колхозшылар Зинченко, Крикунов және басқа жолдастар Ұлы Октябрь мерекесін жаңа пәтер үйлерде өткізетін болады.

**Б. МҮСТАФИН.**

### ӨНІМНІҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Халқымыздың өскелең тілегін мүлтіксіз қанағаттандыру мақсатымен қала кәсіпорындары бұрын игерілмеген жаңа өнімдерді шығара бастады. Мәселен, қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы бұрын мұнда тігілмейтін еркектер костюмдерін тіге бастады.

Үстіміздегі айдың аяғына дейін «Комсомолка» тігін фабрикасынан шыққан жүздеген пар костюмдер қала магазиндерінде сатылатын болады.

«Пәтер жалдаушылардың» праволарын қорғаушы комитеттің Төменгі Австрия ұйымының конференциясы болып өтті.

Ұйымның секретары Вальтер Биндер жасаған баяндамасында үкмет пен парламенттің реакцияшыл көпшілігі бірнеше заңдарға сүйеніп, пәтер жалдаушылардың праволарын қорғау жөніндегі системаны жойды деп мәлімдеді. Кәзіргі уақытта үй қожалары пәтеранысын шексіз көбейте бере алады.

Совет аймағына кіретін провинциялар жөнінде бедел түсіру саясатын жүргізе отырып, соғыстың нәтижесінде басқа провинцияларға қарағанда көбірек қыраған Төменгі Австрияда тұрғын үйлер салу құрылысына Австрия үкметі қаражат босатпай отыр.

Баяндамашы стратегиялық Вена-Зальцбург автомобиль жолының құрылысына Австрия үкметі беріп отырған қаражатқа 60 мың пәтер үй салуға болатындығын атап көрсетті.

## СЕЙІТ СӘРСЕНБАЕВ

Осы жылы 24 сентябрьде ұзақ және ауыр науқастан кейін Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі Сейіт Сәрсенбаев жолдас қайтыс болды.

Сәрсенбаев жолдас 1910 жылы кедей қазақ семьясында туып, үлкен өмір мектебінен өтті.

1933 жылдан бастап ол партия және совет ұйымдарында басшы қызметтер атқарды.

Коммунистік партияның адал ұлы Сейіт Сәрсенбаевтың бейнесі біздің есімізде ұзақ уақыт сақталады.

**Бір топ жолдастары.**

### ТҮЗЕТУ

Газетіміздің осы жылғы 22 сентябрьде жарияланған ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың 1953 жылғы 19 сентябрьде Кремльде болған қонақасында сөйлеген сөзінің бірінші бағанасындағы жоғарыдан санағанда 9-абзацты «Бұдан 175 жылдан астам уақыт бұрын Солтүстік Америкада 13 отардың өзінің отарлық тәуелділігін» деп бастап, әрі қарай текет бо-

йынша, осы абзацтағы 9-жолдың соңғы екі сөзін «декларацияның заңсыз», 14-жолдағы соңғы екі сөзді «жақпайтын басқару», 10-абзацтағы 5-жолдың соңғы сөзін «кәсіпшіліктің» деп, екінші бағанадағы 7-абзацтағы 1-жолдың соңғы сөзін «талаптарға», 3-жолдағы 4-сөзді «мәселелерді» деп, әр жағын текет бойынша оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактордың орынбасары **Г. НҮРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«РИМСКИЙ-КОРСАКОВ»

«ГАШЕКТИҢ КҮЛКІЛІ ӘҢГІМЕЛЕРІ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Петропавл қалааралық телефон станциясы күн сайын еліміздің барлық үлкен қалаларымен сөйлесу үшін заказдар қабылдайды.

Қолма-қол ақша төлеп берілетін заказдар мына сөйлесу пункттерінде қабылданады:

Орталық почта — Пушкин көшесі, 75-үй.

Вокзал жанындағы байланыс бөлімі — Буденный көшесі, 41-үй.

Жұмысшы поселкесіндегі № 3 байланыс бөлімі — Полтарацкий көшесі, 10-үй.

Бұл жерлерде сөйлесу үшін бір жолғы талондар алуға болады. Бұл талондармен қай телефоннан болса да (тек автоматтан басқа) сөйлесуге болады.

Талон 30 күнге жарайды.

Үйлерінде телефоны бар адамдардың ақшасын кейін ағымдағы есеп бойынша төлеп сөйлесулеріне болады.

Азаматтар! Қалааралық телефон байланысы қызметін пайдаланыңыздар, байланыс жолы аз да болса (бос болатын кешкі және түнгі уақыттарда, сол сыяқты, мейрам мен демалыс күндерін пайдаланыңыздар.

Түнгі сағат 6 мен 7-нің арасында жергілікті уақыт бойынша телефонмен сөйлесу бағалары күндізгі тарифтен 50 процент кем жеңілдікпен төленеді.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.